

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Ізғұтты Айтықов ауылы ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзені (сол жағалау), Луконь өзені, Демин Лог бұлағы және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 131 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 8699 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Ізғұтты Айтықов ауылы ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзені (сол жағалау), Луконь өзені, Демин Лог бұлағы және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Ізғұтты Айтықов ауылы ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзені (сол жағалау), Луконь өзені, Демин Лог бұлағы және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясы басшысының міндетін атқарушы _____ М. Иманжанов

2021 жылғы " ____ " _____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2021 жылғы 21 сәуірдегі
№ 131 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Изғұтты Айтықов ауылы ауданындағы сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Ұранқай өзені (сол жағалау), Луконь өзені, Демин Лог бұлағы және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскелері	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Шекара ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Шекара ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Ұранқай өзені (сол жағалау)	10,826	404,504	500	6,335	10,998	35
Луконь өзені (сол жағалау және оң жағалау)				3,674	12,503	35
Демин Лог бұлағы (сол жағалау және оң жағалау)				2,089	6,621	35
атауы жоқ бұлақ (сол жағалау және оң жағалау)				4,332	14,759	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері шекарасы мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК